

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 1 қазандағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 қазанда № 37029 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 147-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика салаларын дамыту және инвестициялық жобаларды мониторингтеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 1 қазандағы
№ 99 бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) оларды есептеу тетігін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 147-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер – жасалған "толық бітіріп берілетін" құрылыс шарттары бойынша белгілі бір күнге тапсырыс беруші қабылдаған және орындамаған Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған қаржылық міндеттемелердің бюджеттен бөлінетін сомасы бойынша тапсырыс берушінің және өнім берушінің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы;

2) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиттері – "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша өтелмеген мемлекеттік міндеттемелердің жыл сайынғы төлемдерін ескере отырып, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау бойынша лимиттер белгіленетін тиісті қаржы жылына арналған мән.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимитін айқындау

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимитпен шектеледі.

4. Тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимитін республикалық бюджеттің кірісін ескере отырып, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады және жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның шеңберінде бекітуге енгізілетін шекті шектеу болып табылады.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті мынадай формула бойынша белгіленеді:

$L_{go} = V_{inc} * 0,10$, мұндағы:

V_{inc} – республикалық бюджеттің кірістері;

L_{go} – тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары

бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау және мемлекеттік міндеттемелердің қабылданған және өтелмеген лимиті сомасынан тұрады.

Тиісті қаржы жылына "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау лимиті мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$L_{free} = L_{go} - L_{act}$, мұндағы:

L_{free} – тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау лимиті;

L_{act} – тиісті қаржы жылының басына Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылданған және өтелмеген мемлекеттік міндеттемелері.

6. Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимитін нақтылау тиісті қаржы жылының ішінде республикалық бюджетті нақтылау кезінде жүргізіледі.

3-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимитін айқындау

7. Жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерін қабылдау тиісті жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің белгіленген лимитімен шектеледі.

8. Жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кірісін ескере отырып, бюджеттік саясат жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады және жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның шеңберінде бекітуге енгізілетін шекті шектеу болып табылады.

9. Жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті салықтық және салықтық емес түсімдердің және жалпы сипаттағы трансферттерді есепке ала отырып, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің көлеміне сәйкес келетін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бюджетінің кірістерін негізге ала отырып қалыптастырылады.

10. Жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті мынадай есеп-қисапқа сәйкес жүргізіледі:

$L_{gom} = V_{incm} * k$, мұндағы:

L_{gom} – тиісті қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті,

ол жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау лимиті мен мемлекеттік міндеттемелердің қабылданған және өтелмеген лимитінің сомасынан тұрады;

V_{ncm} – жалпы сипаттағы трансферттер ескерілген жергілікті атқарушы органның меншікті кірістерінің көлемі;

k – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары үшін түзету коэффициенті, оның ішінде:

облыстардың жергілікті атқарушы органдары үшін $k = 0,10$;

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары үшін, сондай-ақ жедел дамуға арналған ерекше құқықтық мәртебесі бар қалада әлеуметтік және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салуды қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыруды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган үшін $k = 0,20$.

Тиісті қаржы жылына арналған "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау лимиті мынадай есеп-қисапқа сәйкес жүргізіледі:

$L_{freem} = I_{gom} - I_{actm}$, мұндағы:

L_{freem} – тиісті қаржы жылына жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау лимиті;

I_{actm} – тиісті қаржы жылының басына жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылданған және өтелмеген мемлекеттік міндеттемелері.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылының басына жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылданған және өтелмеген мемлекеттік міндеттемелері туралы ақпарат береді.

Жергілікті атқарушы органның "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерін қабылдау лимитінің төмендеуіне әкеп соғатын болжамды кірістері төмендеген жағдайда, егер осы лимит шеңберінде барлық сомаға міндеттемелер қабылданған жағдайда өткен жылдың бекітілген қабылдау лимиті қолданылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 14.04.2026 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша міндеттемелерін өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстарының көлемі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет кірістерінің он пайызына тең мөлшерден аспауға тиіс.

12. Қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимитін

нақтылау тиісті қаржы жылы ішінде облыс бюджетін, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін нақтылау кезінде жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК